ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС №3 ХАТТАМАСЫ

«Қанаш Қамзин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ақсу қаласы
(Қала, ауыл)

24 тамыз 2026
(ай, күні)

Өткізілген уақыты: сағат 17.00
Өткізілген орыны: 19 кабинет
Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: А.С.Калымова
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері: 17 адам
Қатыспағандар 8 адам
Шақырылғандар: Мектеп директоры Қ.Б.Шайгазин, ДОЖО Билялова Ж.С., ДТЖО Каиржанова С әлеуметтік педагог Ибраева Б.А.

Күн тәртібі

1. Мектепке жол акциясына ат салысу
2. 2023 вариативтік сағаттар бөлінуі, сабақ кестесі
3. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар оқушыларының тізімін тегін ыстық тамаққа қосу туралы қарастыру

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ: Мектеп директоры Шайгазин Қ.Б.

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы, сәтсіз отбасылардың балаларына, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға шын ниетпен көмектесіп, әлеуметтік себептерге байланысты мектепке бармай қалуынан сақтандыру, осындай мақсатпен 1 тамыздан – 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» акциясы жүріп жатқанын айтты.

Әлеуметтік педагог Ибраева Б.А. Балалардың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде балалардың құқығын қорғау бойынша жадынамалар мен материалдар, мектепке жол акциясы бойынша әлеуметтік осал отбасыларға қол ұшын беру, «Мектепке жол» акциясы жалғасып жатқаны туралы жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, сондай-ақ жаңа оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде жаңадан көшіп келіп жатқан отбасы балаларына қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын - алу мақсатында Республикалық «Мектепке жол» акциясы жыл сайын жүргізіледі.

2026 жылы 28 оқушыға шілде айында ауыл әкімдігіне тапсырған құжаттары мен өтініштері бойынша Мектепке жол акциясы кезінде жалпы оқыту қорынан әр балаға ата-анасының есепшотына 62 534 тенгеден жалпы 1 750 952 мың тенге көлемінде аударылып, ата-аналар тиісті киімдерін алып түбіртектерін әкеп тапсырды.

Акция кезінде демеушілер тарапынан 10 оқушыға жалпы сомасы 120 000 теңгеге кеңсе тауарлары берілді.

Шешім қабылданды:

1. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Жалпыға міндетті білім беру қоры есебінен көмек алған 28 оқушыға бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын растайтын құжаттар мен түбіртектердің жинақталуы қадағалансын.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ: Билялова Ж.С.

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, оқу процесінде жүзеге асырылады. Яғни, мектептерде әр оқу тоқсанында немесе оқудың жартыжылдығында күндер мен апталар бойынша оқу кестесі құрылады. Мектепте оқушылардың сабақ кестесі күн тәртібіне сәйкес болуы қажет, ал оқу процесін ұйымдастыру барысында оқушы денсаулығы барынша ескерілуі тиіс және демалу кезеңімен алмастырып отыру, оқушылардың денсаулығына мол әсер етеді. Осыған орай сабақ кестесін құру барысында негізгі гигиеналық талаптар ескерілуі тиіс.

Сабақ кестесіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкес регламенттеледі. Жалпы білім беретін ұйымдағы сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспауға тиіс. Бірінші сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп арттыра отырып, оқу сабақтарының "сатылы" режимі қолданылады. Қыркүйек айында үш сабақ 35 минуттан, қазан айынан бастап 45 минутқа дейін жоспарланады.

Жоғары оқу жүктемесі, әдетте, ең жоғарғы өнімділік күндеріне сәйкес келуі керек (сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндеріне). Жалпы білім беретін ұйымдардың барлық түрлерінің оқушылары үшін сабақтар арасындағы үзілістердің ұзақтығы кемінде - 5 минуттан, үлкен үзіліс (2 немесе 3 сабақтан кейін) - 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтардан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға рұқсат етіледі.
Оқу жоспарларына құрастырылған сабақ кестесі 2026 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп директорының бекітілген және ата-аналар кеңесінің төрайымы Калымова А.С. келісілген. Сабақ кестесіндегі сағат саны оқу жоспарындағы сағат санына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі «Білімкласс» жүйесіндегі сабақ кестесінің сағат саны оқу жоспарындағы сағат санына сәйкес келеді.

Шешім қабылданды:

1. Сабақ кестесінің оқу жоспарына сәйкестігі, апталық оқу жүктемесінің дұрыс бөлінуі және сабақ арасындағы үзілістердің белгіленген талаптарға сай ұйымдастырылуы бақылауда ұсталсын.

2. 2026–2027 оқу жылына арналған бекітілген сабақ кестесінің талапқа сай орындалуы және «Білімкласс» электрондық жүйесіндегі сабақ кестесімен сәйкестігі қадағалансын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ: Әлеуметтік педагог Ибраева Б.А. Бүгінгі күні ауылдық округ әкімшілігіне және мектепке құжат тапсырып 1 санат, 2 санатқа отбасылар анықталып ҰБДҚ тізіміне енгізілді. Осы 11 отбасы 28 оқушыларға қаржылай көмек көрсетіліп ендігі кезекте тегін ыстық тамақ тізіміне енгізу ұсынылып отыр.

Шешім қабылданды:

1. Аталғач 28 оқушыға қолданыстағы тәртіпке сәйкес қаржылай көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылсын.
2. Әлеуметтік қолдауға мұқтаж оқушылардың тізімі нақтыланып, оларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету тізіміне енгізу жұмыстары жүргізілсін.

Қамқорлық кеңес төрағасы : Калымова А.С. /_____/
(аты жөні) *қолы*

Баиз Сабина Кусайыновна _____
Ибраев Жолдасбек Жумагельдиевич _____
Омарова Гульмира Сериковна _____
Карипбаева Айслу Бериковна _____
Жакупова Асия Оразбековна _____
Марденова Айгерим Толешовна _____
Сембаева Асем Айтмухамедовна _____
Касымова Асель Уахитовна _____

Секретарь: _____ Ибраева Б.А.